

# Елге сыйлы азамат

**Өмір ізі, еңбек жолы өзгелерге үлгі боларлық азаматтарымыздың бірі Сағидолла БАЙГЕНЖИН ағамыз. Ол кісі жарты ғасырға жуық түрлі салада жұмыс жасап, еңбек етудің ерен үлгісін көрсетті. Енді, міне, үлкен абырой, сый – құрметпен зейнеткерлікке шығып отыр.**



Сағидолла Кәкенұлы еңбек жолын 1978 жылы Тасты кеңшарында комсомол – жастар бригадасында қой бағудан бастап, одан соң Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтын тәмамдап, Арқалық аудандық оқу бөлімінің сырттай кешкі мектебінің директоры, Арқалық аудандық оқу бөлімінің инспекторы, Ә. Майкөтов орта мектебінің, А. Құнанбаев атындағы № 6 мектептің директоры, Молодежный ауылының әкімі сынды лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды. Білікті басшы директор болған уақытында мектепте білім сапасы жоғары болды. Сағидолла БАЙГЕНЖИН

басшылық еткен уақытында Ә. Майкөтов орта мектебінен 1 алтын белгі иегері, № 6 Абай Құнанбаев атындағы мектепке директор болған кезде 4 бірдей түлек алтын белгі алды. Білімді ұстаздан тәлім алған оқушылар қазіргі уақытта түрлі салада нәтижелі қызмет жасап жүр. Білім мен тәрбие берген ұстаздарына хабарласып, алғыстарын айтып, ілтипаттарын білдіріп тұрады бүгінде.

Сан қырлы Сағидолла ағамыз «САЗ» аталатын шаруашылық құрып, егін егіп, көкөніс өсіріп, төрт түлікті

төлдетіп, ауылшаруашылық саласында да берекелі кәсіп жасады.

2017 жылдан күні бүгінге дейін Арқалық өңірлік мемлекеттік архивін біліктілікпен басқара отырып, құнды құжаттарды сақтау ісінде өз қолтаңбасын қалдырды. Өңіріміздің дамуына сан саладан үлес қосқан азаматтармен кездесулер өткізіп, олардың өмір жолдарын жастарға үлгі етті. Еңбекте шындалған жерлестеріміз жайлы мағлұматтарды молынан жинап, архив қорын байыта түсті. Ұжымның ауызбіршілігін арттырып, мұрағат жұмысын жандандыра түсті. Соның нәтижесінде Арқалық өңірлік мемлекеттік архиві Қостанай облысы бойынша алдыңғы қатарлы архив мекемесі саналады.

Сағидолла Кәкенұлы саналы ғұмырында 46 жыл еңбек етсе, соның 25 жылында басшылық қызметте болды. Бұл ағамыздың өз жұмысына жауапты, еңбекқор, білімді һәм білікті маман екенін көрсетсе керек. Қай салада еңбек етсе де, сол мекеменің жұмысы алға басып, қызметі оң нәтиже беріп келеді.

Сағидолла БАЙГЕНЖИН қызметтен тыс та қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, қаламыздың дамуына бір адамдай үлес қосқаны анық. Жетінші шақырылым бойынша Арқалық қалалық мәслихатының депутаты болып, жоғары жақтан келген лауазымды тұлғалардың алдында қаламыздың өзекті мәселелерін өткіріп қоя білді. Екі қабаттан жоғары тұрғын үйлерде қазіргідей газ баллондар пайдалану қауіпсіздік ережесіне қайшы екені мәлім. Ағамыз депутат ретінде осы мәселені бірнеше мәрте айтып, орталықтандырылған газбен қамту жүйесіне көшу қажеттігін жеткізіп келеді. Родина ауылдық мектебінің күрделі жөндеуден өтуіне де ықпал жасады. Мұнымен қоса ауылшаруашылық саласына қолдауды арттыру, инженерлік жүйені жақсарту, көпқабатты үйлерді жөндеп – жаңарту сынды көптеген мәселелерді көтеріп отырды. Сондай ақ, «қарайласқанның қазаны ортаймас» деп, демеушілігімен де танылды. Әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, көпбалалы аналарға тұрақты түрде жәрдем

беріп, азық – түлік, киім – кешек алып беріп, сауапты іс жасап жүреді.

Жары, ұлағатты ұстаз Злиха Байкенқызы екеуі енегелі отбасы болып, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған, ұрпақ жалғасы немере сүйіп отырған бақытты жандар. Осы бақыттарыңыз баянды болсын дейміз.

Сан жылғы ерен еңбегіңіз бағаланып «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен, ҚР Тұңғыш Президентінің алғыс хатымен т.б. көптеген мадақтама – марапаттарды иелендіңіз. Бастысы адал еңбек, адами пайым – парасатыңыздың арқасында биік абыройға қол жеткізіп, елге сыйлы азамат атандыңыз. Енді, міне, жарты ғасырға жуық уақыт білім беру, ауылшаруашылық, мәдениет салаларында абыроймен қызмет атқарып, құрметті зейнет демалысына шығып отырсыз. Зейнет жасыңызда да абыройыңыз асқақ болып, мәртебеңіз арта берсін. Отбасыңыз бен өзіңізді құрметтейтін ағайын – жұрттың ортасында ұзақ та, мәнді ғұмыр кеше беріңіз!